

ӘОЖ 808.55; МҒТАР 17.71.91

<https://doi.org/10.47526/2024-2/2664-0686.44>Г.Т. ТЛЕУБЕРДИНА¹, Г.С. БӨКЕН²¹филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор

Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті

(Қазақстан, Көкшетау қ.), e-mail: guldentleuberdina@inbox.ru

²PhD, қауымдастырылған профессор, Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті

(Қазақстан, Көкшетау қ.), e-mail: asya_2309@mail.ru

ҚАЗІРГІ АЙТЫСТАҒЫ САТИРА МЕН ЮМОРДЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-ӘЛЕУМЕТТІК СИПАТЫ

Аңдатпа. Бұл мақалада әлемдік әдебиет дәстүрімен үндес, ортақ белгілері бар сатира мен юмор жанрының тарихын, қалыптасу жолдарын, өзіндік ерекшеліктерін талдауға арналған зерттеу еңбектеріне шолу жасалады. Қазіргі айтыс өнеріндегі сатира мен юмор мәселесінің орны, даму үрдісі, зерттеуші ғалымдардың ғылыми-теориялық пікірлері мен тұжырымдары жан-жақты сараланады. Әрі бұл тұжырымдар мен пікірлер қазіргі айтыскер ақындардың сөз дәстелері негізінде зерделенеді. Атап айтқанда, Мұхамеджан Тазабеков пен Айтмұхамбет Исақовтың, Мұхамеджан Тазабеков пен Шынарбек Қабиетовтың, Мәліс Қосымбаев пен Мұхамеджан Тазабековтың, Есенқұл Жақыпбеков пен Әселхан Қалыбекованың, Мұхтар Ниязов пен Бекарыс Шойбековтың, Бекарыс Шойбеков пен Жансая Мусинаның айтыстары талданады. Мақалада айтыстардың тақырыптық-идеялық ерекшеліктері, ақындардың көркемдік ерекшеліктері, қолдану шеберліктері айқындалады. Жұптасқан айтыскерлердің тақырыпқа сай юмор мен сатираны ұтымды пайдалануы нақты қайымдасулары барысында айқындалатыны дәлелденеді. Сол сияқты ақындардың көпшілік тыңдарманның көкейінде жүрген, тарихи, саяси, қоғамдық-әлеуметтік, адамзаттық, жаһандық мәні мен маңызы зор мәселелерді бірде ащы сынап сатирамен, енді бірде астарлы әзілмен жеңіл жеткізген сөз оралымдары талданады. Айтыс барысы әр ақынның сахна мәдениеті мен ережелерін ұстануы, көпшілік пен жұптасқан ақынды сыйлау коммуникациясы, айтыс тақырыбын жеткізудегі ой жүйелігі мен сөз тазалығы сараланды.

Кілт сөздер: айтыс, сатира, юмор, қоғам, ақын, сарказм.

G.T. Tleuberdina¹, G.S. Boken²¹Candidate of Philology, Associate Professor, Kokshetau University named after Sh. Ualikhanov (Kazakhstan, Kokshetau), e-mail: guldentleuberdina@inbox.ru²PhD, Associate Professor, Kokshetau University named after Sh. Ualikhanov (Kazakhstan, Kokshetau), e-mail: asya_2309@mail.ru

Social and Social Character of Satire and Humor in Modern Aitys

***Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Тлеубердина Г.Т., Бокен Г.С. Қазіргі айтыстағы сатира мен юмордың қоғамдық-әлеуметтік сипаты // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2024. – №2 (132). – Б. 64–74. <https://doi.org/10.47526/2024-2/2664-0686.44>

***Cite us correctly:**

Tleuberdina G.T., Boken G.S. Qazirgi aitystagy satira men iumordyn qogamdyq-aleumettik sipaty [Social and Social Character of Satire and Humor in Modern Aitys] // Iasau universitetinin habarshysy. – 2024. – №2 (132). – B. 64–74. <https://doi.org/10.47526/2024-2/2664-0686.44>

Мақаланың редакцияға түскен күні 23.01.2024 / қабылданған күні 12.06.2024

Abstract This article gives an overview of research works that analyze the history, ways of formation, specific features of the genre of satire and humor, which have common features consonant with the traditions of world literature. The role and problems of satire and humor in the modern art of aitys, development trends, scientific-theoretical opinions and conclusions of research scientists are comprehensively differentiated. These conclusions and opinions will be studied on the basis of the word junction of modern aitys poets. In particular, the aytys of Mukhamedjan Tazabekov and Aitmukhambet Isakov, Mukhamedjan Tazabekov and Shynarbek Kabiev, Mels Kosimbayev and Mukhamedjan Tazabekov, Esenkul Zhakupbekov and Aselkhan Kalybekov, Mukhtar Niyazov and Bekarys Shoibekov, Bekarys Shoibekov and Zhansai Musin will be analyzed. The article also reveals thematic and ideological features of statements, artistic features of akyns. It is proved that the rational use by paired disputants of humor and satire, corresponding to the theme, is revealed in the course of their specific meetings. In addition, the speech responses of akyns of interest to the general public are analyzed, easily conveying historical, political, social, human, global problems, which once had bitter mercurial satire and now have parable humor. The course of the aitys was analyzed, the adherence of each akyn to stage culture and rules, communication with respect for the audience and the paired poet, consistency of thought and purity of words in conveying the theme of the aitys.

Keywords: Aitys, satire, humor, society, poet, sarcasm.

Г.Т. Тлеубердина¹, Г.С. Бокен²

¹кандидат филологических наук, ассоциированный профессор, Кокшетауский университет имени Ш. Уалиханова (Казахстан, г. Кокшетау), e-mail: guldentleuberdina@inbox.ru

²PhD, ассоциированный профессор, Кокшетауский университет имени Ш. Уалиханова (Казахстан, г. Кокшетау), e-mail: asya_2309@mail.ru

Общественно-социальный характер сатиры и юмора в современном айтысе

Аннотация. В данной статье дается обзор исследовательских работ, в которых анализируются история, пути становления, специфические особенности жанра сатиры и юмора, имеющие общие черты, созвучные традициям мировой литературы. Роль и проблемы сатиры и юмора в современном искусстве айтыса, тенденции развития, научно-теоретические мнения и выводы ученых-исследователей всесторонне дифференцируются. Эти выводы и мнения будут изучены на основе стыка слов современных поэтов айтыса. В частности, будут проанализированы айтысы Мухамеджана Тазабекова и Айтмухамбета Исакова, Мухамеджана Тазабекова и Шынарбека Кабиева, Мэлса Косимбаева и Мухамеджана Тазабекова, Есенкула Жакупбекова и Асельхана Калыбекова, Мухтара Ниязова и Бекарыса Шойбекова, Бекарыса Шойбекова и Жансая Мусина. Также в статье раскрываются тематико-идейные особенности высказываний, художественные особенности акынов. Доказано, что рациональное использование парными спорщиками юмора и сатиры, соответствующих тематике, выявляется в ходе их конкретных встреч. Кроме того, анализируются речевые отклики акынов, представляющих интерес для широкой публики, легко передающих исторические, политические, общественно-социальные, человеческие, глобальные проблемы, которые когда-то имели горькую ртутную сатиру, а теперь и притчный юмор. Был проанализирован ход айтыса, приверженность каждого акына сценической культуре и правилам, коммуникация с уважением к публике и парному поэту, последовательность мыслей и чистота слов в передаче темы айтыса.

Ключевые слова: айтыс, сатира, юмор, общество, акын, сарказм.

Кіріспе

Сатирада ащы кекесін, күлкі ету, мазақ қылу, жоққа шығару, үкім айту, адам қиналысын түсіну, адам жүрегінің түкпіріне үңілу, көңілділік пен күрсініс, тенденциялық пен қатаң әділдік, лирикалық сезім мен ғылыми талдау тоғысып жатады. Сөйтіп, сатира карама-қайшылықтардың бірлігінен туындайды. Ал юмор сатираға қарағанда зілсіз қалжыңмен, күнделікті өмірдегі жайттарды жеңіл күлкімен әжуалайтын жанрдың бір түрі. Өмірдегі құбылыстар мен әрекеттердің мінін әзіл-оспақпен іш тарта мысқылдайды.

Сатиралық және юморлық дәстүр классикалық Шығыс әдебиетінде «Мың бір түн», көне санскритте «Панчатантра», парсы, қазақ-түрік фольклоры мен ауыз әдебиетінде Қожанасыр мен Алдар көсе туралы, т.б. әңгімелерінен бастау алады. Жыраулық поэзияда да сатираның өз орны болды. Махамбет поэзиясында сатира ұшталып өткір сынмен қайрала дамыды. Абай дәуіріндегі қазақ поэзиясында көрініс тапса, ХХ ғасыр басында Ш. Құдайбердіұлы, А. Байтұрсынов, М. Сұлтанқожаұлы, Т. Ізтілеуов, С. Торайғыров шығармаларында кездесті. Одан әрі С. Дөнентаев, І. Жансүгіров, Б. Майлин, т.б. шығармаларында жалғасты. ХХ ғасырда сатира қазақ әдебиетінде поэзиялық, прозалық және комедиялық жанрларда қарқын алды.

Сатира мен юмордың қазақ әдебиетіндегі айрықша қарқынмен даму үрдісі ХХ ғасырдың аяғы мен ХХІ ғасыр басындағы әдебиетпен тұспа-тұс келді. Мұның өзі кездейсоқтық емес еді. Ол тарихи-қоғамдық өзгерістермен, халық тұрмысындағы қиыншылықтармен, халқымыздың тарихи-мәдени өміріндегі рухани серпілістермен, түрлі қайшылықтармен тығыз байланысты болды. Сатиралық әрі юморлық күлкі қоғамдық мәні бар құбылыстарға, олардың өмірдегі көріністеріне бағытталатыны белгілі. Сатира мен юмордың сапасы оның қоғамдағы келеңсіздікті дәл тауып бағалауында, яғни оның қоғамдағы кемшіліктерді сынап, дер кезінде алдын алуында. Сатира мен юмордың тақырыптық диапазоны аса өрісті: тұрмыс, мінез көріністері, қоғамдық өмір мен саясаттағы келеңсіздік, адамшылықтан ауытқу, т.б. оның қырағы көзінен қашан да тыс қалмайтын. Жалпы сөз өнерінің, оның ішінде сатираның негізгі өзекті мәселесі қоғамдағы келеңсіздіктер мен адам бойындағы мінез-қылықтарындағы кемшіліктерді уақытында тауып, «емдеп» отыратын құдыреттілігінде.

Сатира мен юмор табиғатын тану мәселелері саласында диссертациялар да қорғалған. Атап айтатын болсақ, Ғ. Әбетов, Т. Қожақеев, М. Тілеужанов, А. Мұсаев, Е. Тұрсынов, Р. Алтынбекова, С. Қорабай, А. Рахимова, Ә. Қабылов және тағы басқа ғалымдар ғылыми жұмыстар жазды. Сонымен қатар қазақ сатирасы жайында Қ. Мұхамеджанов, Ғ. Қабышев, Р. Нұрғали, С. Оспанов, З. Серікқалиев, Б. Сарбалаев сияқты ғалымдардың жекелеген еңбектері мен зерттеулері жарық көрді. Сондай-ақ, мерзімді баспасөзде де көптеген зерттеу мақалалары жарияланған.

Атақты Жанак, Сүйінбай, Шөже, Түбек, Майкөт, Құлмамбет, Бақтыбай, Жамбыл сияқты халық ақындарының айтыстары әртүрлі ойын-сауық, ас пен тойда, айт пен мерекеде өткен үлкенді-кішілі, әзіл-күлкілі айтыстарында сан жоқ. Сондықтан атағы беймәлім ақындар мен айтыскерлер туғызып кеткен, бірақ хатқа түспей қалған айтыс өлендерінің саны, көлемі қаншалық мол болғанын, ұшан-теңіз мұра жасағанын болжау қиын емес.

Айтысты елдің қызыға тамашалайтыны, ішкен асын жерге қойып тыңдайтыны, ондағы айтылатын астарлы ойдың тереңдігі, қалжыңның молдығы, сезімнің өткірлігі, мысқылдың меңділігі, әзілдің әрлілігі, ду еткізер демділігі әрі мәңгілігі.

Бұл орайда, сатира мен юмор жанрының айтыс өнерінде де жиі кездесетінін айтып өтуге болады. Айтар ақиқат астарлап айтса да, оны зілсіз кекесін мен жеңіл әзілге айналдырып жеткізу – ақындардың шеберлігі. Сондықтан бүгінгі айтыстағы сатира мен юмордың қоғамдық-әлеуметтік мәні мен маңызын тану әрі зерделеу негізгі мәселелердің бірі деп санаймыз.

Зерттеу әдістері мен материалдар

Мақала барысында зерттеу нысанына алынған қазіргі айтыс ақындарының мұраларын жинақтау, сатиралық және юморлық сөз қолданыстарын талдау, ой қорыту, анализ, синтез әдістері қолданылды.

Мақалана жазу барысында зерттеу нысанына алынған Мұхамеджан Тазабеков пен Айтмұхамбет Исақов, Мұхамеджан Тазабеков пен Шынарбек Қабиев, Мэлс Қосымбаев пен Мұхамеджан Тазабеков, Есенқұл Жақыпбеков пен Әселхан Қалыбекова, Мұхтар Ниязов пен Бекарыс Шойбеков, Бекарыс Шойбеков пен Жансая Мусина сынды айтыс ақындарының YouTube әлеуметтік платформасындағы айтыстары, Ә. Қалыбекованың «Сахарда тұрдым Сені іздеп» кітабы, Т. Кәкішевтің «Абайдың сатирасы», S. Kenzheahmetuly «Aitys. Traditional music of Kazakhs», N. Mursalimova et all. «Kazak halkinin aytis sanati», S. Knuuttila «How humour makes a difference Greco-Egyptian Interactions: Literature, Translation, and Culture», A.C. Samson, S. Zysset, O. Huber, «Cognitive humor processing: Different logical mechanisms in non-verbal cartoons: An fMRI study», A. Robin» Environmental Ethics: A Very Short Introduction», H. Salimi «A Review of the Satire and Remonstrant Satire-Processing in the Poems by Sayed Hasan Hosseini with an Emphasis on the Collections», H. Мурсалимованың «Жетісу ақындар айтысының жиналу тарихы» сынды мақалалары, С. Қорабайдың «Казахская сатира начала XX века», Т. Әлібековтің «Жетісу ақындары» зерттеу еңбектері негізге алынды.

Талдау мен нәтижелер

Айтыс өнеріндегі сатира мен юмордың сипаты жөнінде ғалым-зерттеушілер өз еңбектерінде шолу жасағанымен, әлі күнге дейін теориялық тұрғыдан жазылған арнайы зерттеулер кездеспейді. Айтыс – заманның небір күрделі сауалдарын көтере алатын, әлеуметтік мәселелерді күн тәртібіне қоятын, өмірдегі жақсылықтарды жарқырата ашып, кемшіліктерді сын отымен қаритын мүмкіндігі мол жанр. Жыр додасына түсуші ақындардың диалогтарында шындықтың түп тереңдері ашылып, ақиқаттың жартыкеш қалып қоймауы ескеріледі. Ал сатира мен юмордың айтыстағы орнын анықтау ақындардың білімі мен шеберлігіне ғана емес, сөз сайысында оларды ұтымды қолдана білуіне де тікелей байланысты. Әлем тарихында юмор мен сатираны қолданушы сайқымазақтар, шуттар, елкезбелер кездесе, біздің әдебиетімізде Қожанасырдың типтік образын келтірсек болады. Халық фольклорының негізгі сипаты ретінде суырыпсалма ақындық өнерді атаймыз. Ал сол бір шаршы топта суырыпсалмалықпен үлкенді де, жасты да теңестіретін өнер – әзіл-қалжыңның, юмор мен сатираның да орны орасан зор. Ел күлкісі, халық әзілі, ойсыз, әрсіз, анайы, сауатсыз айтылған оспақ емес, әлеуметтік ортаға ерсі көрінгендіктен, ой таразысына салынып, ауыр мәселені сатирамен, жеңілін юмормен жеткізуге болатын қалжың.

Зерттеуші С. Кенжеахметұлы: «Айтыс – ақындар мен данышпандардың ауызша метрикалық түрдегі сайысы. Әрі ол әдеби бағыт ретінде қарастырылады, бірақ іс жүзінде ол ескі заманнан бері халықтық әдет-ғұрып ретінде қалыптасып келген. Оны түрлі ойындар, ізденістер түрі ғана емес, бәйге, күрес деңгейінде таныған» (*Aitys' – a competition of poets and wisecrackers in verbal metrical form - is regarded as a literary trend, but in fact it has been forming since the old times as a folk custom. No games, seeings-off, toi could do without baiga, wrestling, and aitys of akyns*) [1, 142–149-бб.], – деп айтысты ақындар мен данышпандардың ауызша метрикалық формадағы сайысы әрі ешбір ойын, ұзату, той, бәйге балуансыз және айтыс ақынысыз өтпейді деген тұжырым жасайды.

Айтыс өнері қашанда ел өмірінің айнасы. Сондықтан онда көтерілетін әлеуметтік-қоғамдық, тарихи, саяси, мәдени, діни, рухани, әдеби тақырыптарға байланысты ғана емес, айтыстағы тіл тазалығы ерекше көңіл бөлуге тұратын фактор. Осы тұрғыдан келгенде, қазіргі айтыскерлер тәуелсіздік алғаннан бергі өзекті деген тақырыптарды саралау барысында, сатира мен юморды өз айтыстарында шебер қолдана білгенін байқаймыз.

Бұл орайда, Мұхамеджан Тазабеков пен Айтмұхамбет Исақовтың айтысын зерделесек. Айтысты Айтмұхамбет қарсыласын «постағы солдатқа» балау арқылы жеңіл юмормен бастайды:

Айналдым ізетіңнен інішегім,
Тұп-тура *постта тұрған солдаттайсың* [2].

Мұнан кейін ақын бұл айтысқа келу мақсатын, өзіне деген сенімділігін «найзаға» теңейді:

Сөз саптауды үйреніп мына өзімнен,
Өз найзамды өзіме шаншымағын [2]!

Ақын шабытты «жорғаның сауырына», ал сол шабытты жеткізуші сөзді қорғаныс қаруы ретінде қолданылатын қамшының түрі «дырау қамшыға» балайды:

Шабыт атты *жорғаның сауырына*,
Бас енді сөздің *дырау қамшыларын* [2]!

Бұл орайда сөз майталманы Мұхамеджан да:
Ат мініп *асау жырдың айғырынан*,

Көрініп *төл өнердің айдынынан*, – асау жыр – эпитетін, жырдың айғыры, өнер айдыны – метафораларын ұтымды қолданады [2].

Енді бірде ақын:
Шығарып *түкті жырдың түбіттерін*,

Барымды тулаққа сап мен сабатайын [2], – деп жырдың кереметін таныту үшін *түкті жыр – эпитетін, жырдың түбіттері – метафорасын* ұтымды қолданады.

Өзінің айтыстағы жұбын ағам деп сыйлай келе:

Армысың, *келеңсізге келмес ағам*,
Өзіңмен теңдес болсам, белдесе алам [2], –

десе, енді бірде әдемі юмормен сөзін жалғай түседі:

Жел сөзді жолдап жатса әлеуметке,
Жаманды жерден алып, жерге салам.

Айтыс барысында Мұхамеджан Тазабеков жырды – *сардардың сауытына* теңесе, ойды қоюлата түсі үшін көпшілікке таныс мақал-мәтелдерді де қолданады:

Ағасы, «көп сөз – көмір, аз сөз – алтын»,
Айналдыр жыр диірменін ары қарай [2], немесе, «ағасы бардың жағасы бар».

Айтыс барысында қос ақын сатираны ұтымды пайдаланғанын байқаймыз. Мәселен, А. Исақов бұл айтыста тіл, діл мәселесін айта келе, балаға есім берудегі адасушылықтарды ащы сынайды:

Мәлс емес, Мұхаммедтер көбейсе егер,
Бұл қазақ тіл, ділінен айырылар ма еді [2]? –
десе, енді бірде өзге ұлтқа қыздарымызды ұзату мәселесін де тілге тиек етеді:

Алексейлер кірмесе арамызға,
Халықты хақ жолынан тайдырар ма еді [2]?

Мұнан кейін бүгінгі қоғамдағы өткенді елемей, әлеуметтік әділетсіздіктерге бару мәселесін де сынап өтеді:

Кеттік қой батырға да батыр демей,
Ашты ғой ақиқатты ақыр көрмей.

Тіпті тарих беттерінде таңбадай қалған алауыздық пен сатқындықтарды боямасыз сипаттайды:

Кешегі нәубеттерде, ақтандақта,
Ақынды жау деп білдік, ақын демей [2], – десе, енді бірде:
Хан мен би, бек қараға қосылған соң,

Етті ғой Голощекин тақыр кедей.

Ел тарихындағы осы бір қиын-қыстау дүрбелең кезеңді Мұхамеджан ақын да жалғастыра түседі:

Кезінде қазағымды қырып салып,
Аштықтан өлгендерді дестеледі [2].

Осынау айтыс барысында қос ақын өз Отанынан өзге жерге қоныс аударуға мәжбүр болған бауырларымыздың жағдайын да тілге тиек етеді.

Айтмұхамбет ақын:

Алыста жүрген сонау бауырлардың,
Жатқа тұрақ болып жүр мекендері [2],–

деп шетелде жүрген азаматтарды Ақтамберді жырау сияқты шаршы топта сөз бастайтын ерлеріміз көбейе түссе деген де ой қозғайды. Яғни ақын халықтың күйін жапанда қалған кәрі еменге балайды:

Жел соғып, жапырағынан айырылған,
Жапандағы ұқсаймыз кәрі еменге [2].

Бұл орайда әдебиетші Т. Кәкішев: «Сатира халықтың мүддесін қорғауға тиіс. Егер ол өзінің осы міндетін атқармайтын болса, өмірдің кішігірім олпы-солпысын, кем-кетігін әжуалайтын болса, онда ол сатира болудан қалады, оның ешкімге де пайдасы тимейді. Қандай ақын-жазушы болса да, оның ішінде қандай данышпан сатирик болса да халықтың өмірінен қол үзсе, оның мүддесін қорғамаса, онда ешбір мардымды, құнды шығарма бере алмайды» [4, 89-б.]. Сол сияқты ғалым С.Қорабай мынадай тұжырымды ой айтады: «...сатира қоғамның қалыпты дамуына кедергі болған барлық жанама және паразиттік мәселелерге қарсы әлеуметтік күрестің қаруы сияқты. Теріс нәрсені бейнелеу, мазақ ету, оқырманды бұрмаланған биліктің қысымынан рухани босату, сатира осылайша шынайы жанды, адамгершілікті дәріптеді» (...сатира как оружие социальной борьбы против всего косного и паразитического, ставшего преградой к нормальному развитию общества. Изображая, высмеивая отрицательное, духовно освобождая читателя от давления превратных авторитетов, сатира тем самым выражала положительное, восславляла подлинно живое, нравственное) [5, 132-б.], – деген болатын.

Айтыстағы сатира негізінен өзіне бейне етіп сол қоғамдағы ең бір асқынған тақырыпты алады. Сол асқынған қоғамдық азғындаудың себепшілері кімдер, соны «жалаңаштап» бейнелеп халық алдына ұсынады. Кезінде сатира, юмор элементтері аужар, бәдік айтыстарында айқын көрінгені бәрімізге мәлім. Яғни бәдік айтысында дертті ғана емес, ел арасындағы өрескел мінезді сатиралық тұрғыдан әшкерелеп, оны да «көш» деп аластатқан болатын. Мәселен,

Онан көшер жерінді мен айтайын,
Ұрысқақ балалардың ұртына көш.

Ғалым-сыншы Д.Ысқақұлы: «Сатира – жеке адамдардың ұсақ мін-сыны ғана емес, қоғамға кесірін тигізетін кемшіліктерін де, тіпті өмірдегі теңсіздіктер мен жөнсіздіктерді де сынап-мінеп, ауыздықтап отырады» [6, 47-б.], – дейді.

Келесі бір кезекте Мұхамеджан Тазабеков пен Шынарбек Қабиев арасында өткен айтыста қоғамдық-әлеуметтік мәселелерді қаузаиды. Солардың бір мәселесі ретінде бүгінгі қоғамдағы жастардың үйлену, отау құру мәселесін көтереді.

Мұхамеджан ақын шетелде білім алып жүрген қыздарды «айдынға қона алмай жүрген аққуға» теңейді:

Аққулар айдынына қона алмай жүр,
Біразы елге қайтып оралмай жүр [2], – десе,
енді бірде отбасы құруға дайын болмай жүрген жастарды да сынап түседі:
Кей жандар ата-ананың әлпешімен,

Отызда отау иесі бола алмай жүр. Сол сияқты бұл айтыста Шынарбек ақын демография мәселесін де тілге тиек етеді:

Жеңгелер жерік болып, Исатай мен
Баланы Махамбеттей табыңдаршы [2]!

Мэлс Қосымбаев пен Мұхамеджан Тазабековтың айтысы барысында қос ақын бір-бірін сипаттауда көркемдік ерекшеліктерді молынан қолданады. Мэлс Мұхамеджанды «Алатаудың серкесіне», «қара нардың өркешіне», «қабыланға», ал ақынның жыр дестелерін «сұлудың қолдан тіккен көрпесіне» теңейді. Мәселен, айтыста Мэлс:

Ақынсың Алатаудың серкесіндей,
Әдемі сөздерің бар әспеттеген,
Сұлудың қолдан тіккен көрпесіндей[2], – дейді.

Енді бірде ақын сөз шеберлігін:

Қыздарға қызыл *шарқат* лақтырғандай,
Қайраққа қара өлеңді жанығандай[2], – дейді.

Шарқат – әйелдердің басына салатын төртбұрышты (шаршы) жібек орамал (Г.Б.).

Бұл айтыста Мұхамеджанның «санадағы сөзді сайлау», «көңіл Көкшенің қайынындай» сынды ұтымды бейнелі тіркестерді қолдана келе, ирониялы түрде «күйқалы сөз» метафорасын қолдану арқылы айтыста ел үшін мән-маңызы зор мәселелерді қозғайық дейді:

Күйқалы сөз айтпасаң мұнда біздер,
Мүжуге шақырған жоқ малдың басын.

Айтыста Мэлс қарсыласын «теппегінен қағыған тентекке», «асықтың аумап түскен алшысына» юмор арқылы теңесе, сөзін «сексеуілден шоқ тартқан» мәйекті сөзге балайды. Ал Мұхаммед оның әр сөзін «мұхиттың мөлдіреген тамшысына» теңейді.

«Айтыс өнері әр кезеңде өзі өмір сүрген және өмір сүрген қоғам адамдарының өміріне, саяси және әлеуметтік жағдайларына, кемшіліктері мен жетістіктеріне байланысты дамып, көркемдік шыңына көтерілді» (*Aytis sanati her dönemde, içinde meydana gelip yaşadığı toplum insanların hayatları, siyasi ve sosyal durumları, eksiklikleri ve başarılarıyla bağlantılı bir şekilde gelişmiş ve sanatsal zirveye yükselmiştir*) [7, 469–480-бб.], – делінеді. Яғни айтыс өнері қашанда дәуірдің көрінісі, рухани қоғамның бір бөлігі. Онда елдің тұрмыс-салты, тыныс-тіршілігі, саяси-әлеуметтік жағдайлары көрініс табады. Себебі, «Қай дәуірде болмасын айтыстың ішкі мазмұны сол қоғамдағы халықтың тұрмыс-тіршілігіне, саяси-әлеуметтік жағдайына, кемшіліктері мен жетістіктеріне байланысты өрбіп, көркемдігі жағынан биік белестерге көтерілді. Сөйтіп, әдебиет тарихында дәстүрлі сөз өнерінің жалғасы ретінде жазылып қалды және халқымызбен мәңгі бірге жасай беретініне ешкімнің де күмәні жоқ» [8, 57-б.]. Сондай-ақ айтыстың негізгі ерекшелігі де «Айтыстың өзгешелігі – әзіл-қалжыңға, юмор мен сатираға сүйене отырып елдің мұңын, тұрмыстық жайын, әдет-ғұрыпын, ел ішіндегі әлеуметтік теңсіздік, әділетсіздік сияқты мәселелерді қозғай отырып, қарсыласын ұтымды дәлелмен тізе бүктіру арқылы өз мерейін арттыру» [9, 14-б.], – делінеді.

Айтыс барысында қос айтыскер әлеуметтік ортадағы әділетсіздік пен кемшіл тұстарды көрсету мақсатында сатирадан гөрі сарказмды қолданғаны ұтымдырақ болғанын көреміз. Негізінен, сарказм – қоғамдағы ерекше қауіпті құбылыстардың зардабын әшкерелеуші сатиралық бағыттағы ащы, зәрлі, кекесінді сөз екендігі белгілі. Мұндағы айтылар сын жеңіл юмормен, астарлы зілсіз әзілмен берілмейді. Айтылар ол ащы болса да, шынайы, боямасыз ұсынылады. Бұл орайда, Мэлс ақын «ар деген жазылмаған заң», «адамды адам қылған ар» деп ар-намыс мәселесін тілге тиек етіп, айтыста да қарсыласқа ардан аттамай, мәдени түрде кезек беру керек дейді. Бұл сөзге қосылған Мұхамеджан:

Кей ақындар болады қара дүрсін,
...Байланған қараңғыда өгіз құсап,
Қағып кете жаздайды қарайғанды [2], –

деп «сүбесін сұлу сөздің сақтауды» жөн көреді. Немесе ақын:

Қасыққа май жаққандай қарсыласқа,
Жұмсайсың ақылменен бар айлаңды [2], – дейді.

Ал заманның күйін Мэлс «шық бермес Шығайбайдай заманым бар» десе, Мұхамеджан:

Мамыражай отырған қазақ та жоқ,
Мәсісіне қолының майын сүртіп, –

десе, ал әлі де кей тұста еріншекке салынуды ақын «Асан, Үсен секілді көште қалған» деп сынап өтеді. Мұнан кейін ащы сарказм тілінде Мэлс бүгінгі ұлтаралық некелесу мәселесінде қаузап өтеді:

Байлығың пісіп тұрған қауызыңда,
Кетпесін әрбір иттің ауызыңда [2], –
десе кейін мұны ирониялы түрде:
Біреудің бізін сұрап, қызын алған,
Алдардың әрекеті керек деймін [2], – дейді.

Ал Мұхамеджан қоғамдағы орынсыз айтылған пікірлер мен іс-әрекеттер туралы «серкесіз өрген қойдай қожырайды» десе, енді бірде:

Бұрын шыққан құлақтан кейде бірақ,
Мүйіз озып кетеді кейін шыққан [2].

Бұл ойға қосылған Мэлс: «Сақалдың садақасын мұртқа айтқасын» дейді.

Айтыста юмор арқылы белгілі бір мәселені ашық талқыға салынады. Онда нақты жайттар мен объектілер аталғанымен, ол астарлы әрі жеңіл түрде жеткізіледі. Мұны зерттеуші С. Кнуффита өз пікірімен жалғай түсіп: «Әзіл-оспақты қарым-қатынас тұрғысынан маңызды, әңгімеде олқылықтар туғызатын және кейде оны жұмбақ ететін жасырын, айтылмаған алғышарттар (энтимемалар) болады» (*Important from the perspective of humorous communication are the implicit, unspoken premises (enthymemes) that create gaps in the narrative and sometimes make it enigmatic*) [10, 42–48-б.], – дейді.

Бұл орайда, зерттеуші А. Самсон, С. Зиссет, О. Хубер күлкінің нысанына – адамдардың өзара қарым-қатынастары, болмыс, іс-әрекеттері, дәуір көріністері мен қоғамдық-әлеуметтік жайттар да негіз алынады дейді.

«Сәйкессіздік адамдардың шығу тегіне, әлеуметтік контекстіне, уақытына, күшіне немесе орнына қарамастан, күлкілі нәрселерді қалай табатынына байланысты сияқты» (*Incongruity seems to have something to do with the way humans find things funny, regardless of their background, social context, time, power, or place*) [11, 125–140-бб.]

Мәселен, Есенқұл Жақыпбеков пен Әселхан Қалыбекованың айтысы қыз бен жігіт айтысы үлгісінде өтеді. Айтыс басталғаннан-ақ Есенқұл қарсыласына комизм элементтерін қолданады.

Сүйем деп болам бірақ сарыуайым,

Сен – палуан, мен – қасыңда тарыдайын [3], –

деп, оның шаршы топта көпшілік елестетер күресте белдескен балуан емес, жастайынан өмірдің қиындығын жеңе білген қайсарлық қасиеттерін тілге тиек етеді. Айтыс барысында қос ақын әлеуметтік мәселелер, соның ішінде кейінгі жастардың отбасы құру және оған жауапкершілікпен қарау мәселесіндегі кемшіл тұстарды сынап өтеді. Мұны Әселханның мына бір жолдарынан байқаймыз:

Қыздарың қуыршақтай жылтыраған,

Ана боп, ұл өсіріп жарытпады, –

деп ашынса, енді бірде:

Артына қалдыратын ұрпағы үшін,

Өмірін құрбан етер балық-тағы [3], –

деп балық құрлы ұрпағы үшін жаны ашымайтын «көкек аналарды» параллель қойып, әшкерелейді. Сол сияқты шетелге еліктеген жастардың жеңіл өмірді аңсап, өмірдің мәні мен уақыттың қадірін бағаламағандарына налиды:

Қуғаны жастарыңның ресторан,
Ит бағып ермек етер жалыққаны [3].

Ал айтыстағы ақынның рөлін шетелдік ғалым А. Робин: «Бұл тиісті әлеуметтік рөлдердің инверсиясы: ресми тұлға қоғамдық ұстанымы берік әрі жанашыр болуы, ол сол арқылы өзінің адамгершілігін, кемелсіз табиғатының шындығын танытады» (*This is an inversion of proper social roles: an official figure, whose public station is to be caring and empathetic, exposes the reality of his humanity and imperfect nature*) [12, 6-б.], – деп халықтың мұңын жеткізетін жалғыз тұлға екенін атап өтеді.

Зерттеуші Н. Салими бүгінгі әдебиеттегі сатира интеллектуалдық, идеологиялық, діни, саяси, әлеуметтік, этикалық және экономикалық мәселелер жеткізу мақсатында қолданылады дейді. Яғни: «Қазіргі уақытта және бүгінгі таңдағы әдебиеттерде сатира мен сатиралық процесстердің интеллектуалды, идеологиялық, діни, саяси, әлеуметтік, этикалық және экономикалық мәселелерді айқындайтын дүние» (*Nowadays and in the today's committed literature, the satire and satire-processor's area of involvement incorporates the intellectual, ideological, religious, political, social, ethical and economic matters*) [13, 87-б.].

Бекарыс Шойбеков пен Жансая Мусинаның айтысы әзіл-қалжыңға құрылған айтыс болғанымен, айтыстағы тарихи-әлеуметтік мәселелер де қаузалады. Тарихтағы ұлы жүздің басын қосқан Абылайдың білгірлігі мен Төле бидің даналығы айтылып өтеді. Сонымен қатар бүгінгі қоғамдағы соттың әділетсіздігі, заңмен емес, қара күшпен шешілетін де мәселелер орын алғанын қос ақын сынап өтеді.

Мәселен, Бекарыс:

Бұрынғының дауларын билер шешсе,
Бүгінгінің жанжалын сот шешеді [14].

Ақын енді бірде «шешсе де, бірдеңені жеп шешеді» деп парақорлық мәселесінің шет жағасын тілге тиек етеді. Келесі бір кезекте ақын әділ соттан дауа таппаған халықтың жай-күйін де ащына жырлайды:

Соттан әбден зар азап болған халық,
Қазір сотқа бармайды, беттеседі [14].

Айтыс барысында қос ақын өзара қалжыңдасады. Жансая ақын:

Сен жеңсең жазатайым аямаймын,
Балонын машинаның жарып кетем, –
десе, Бекарыс та юмормен жауап қайтарады:

Машинаның балонын жарам дейді,
Мынауың тірлігі ғой шпананың [14].

Мұхтар Ниязов пен Бекарыс Шойбековтың айтысы да әзіл-қалжыңға құрылады. Мұхтар қарсыласының ауырып жатқанын естігесін айтыс барысында мұны тілге тиек етеді:

Қайтыс болайын деп жатса да бұл Бекарыс,
Айтыс болайын деп жатса жүгіреді [15].

Ал бұл әзіл Бекарыс та тиісті тұрғыда әзілмен жауап береді:

Бекарыс осы қашан өледі? деп,
Сендей мысықтілеулес тұрған кезде,
Маған дұшпан іздеудің керегі жоқ [15].

Қос ақын әзіл сөзбен бір-бірін ұтымды қайымдасып отырады. Мұхтар ақын Бекарыстың «Алтын домбыраның буымен жүрсің» дегеніне юморлы түрде қисынды жауап бергеніне куә боламыз:

Төрт-бес рет бұзаулап тастаса да,

Қашырдың қашар аты қалмады ғой [15].

Сол сияқты бұл айтыста Бекарыс қоғамдағы жиі кездесетін көреалмаушылық, билікке құмарлық мәселелерін де сатиралық тұрғыда сынап өтеді:

Қазіргілер ешкімді аямайды,
Өзінен озатындай себеп болса, –
десе, енді бірде:

Беттен қақпақ түгілі бүгінгілер,
Көрге көміп тастайды керек болса [15].

Сайып келгенде, халықтың тарихи тағдырында, қоғамдық-әлеуметтік жағдайында, рухани өмірінде орын алған мәселелердің бәрі де айтыста көрініс табады әрі талқыға түседі. Себебі елдің өткені, бүгінгі мен ертеңі айтыс ақындарының негізгі тақырыбы ретінде алынады.

Қорытынды

Айтыс өнері ғасырлар бойы жинақтаған дәстүрін сақтай отырып, тәуелсіздік алған жылдардан бастап ақындардың еркін ой толғап, кең түрде көсіле алуына жол ашты. Бұл орайда, сатираның айтыс өнерінде алатын орнын анықтау айтыстың сан қырлы табиғатына тікелей байланысты екені белгілі. Сондықтан да еркін ойды сатираның ащы тілі мен жеңіл юморы арқылы елдің көкейкесті мәселесін жеткізген ақындарды қашан да халық ардақтаған.

Кеңестік кезеңде айтысқа араласқан қазақ айтыскер ақындары қоғамдағы, тұрмыстағы кейбір олқылықтарды жеңіл-желпі сынап, ал ұлттық, елдік мәселелерді орағытып өтіп, не болмаса астарлап «эзоп тілімен» беруге тырысатын. Енді олар тура сатира мен юмордың бар эстетикалық күш-қуатын пайдаланып «ызалы жүрек, долы қол, улы сия, ащы тілдің» (Абай) бар мүмкіндігін сарқа пайдаланып, қарсыласына ашық шүйлігетін болды.

Сондықтан бүгінгі айтыста көркемдік тәсілдер молынан қамтылған, логикалық бірлікке мән берілген, ой жүйесі мен өлеңнің сыртқы, ішкі мазмұны тұтасқан. Айтар шындықты астарлап, қайсар ойды жеңіл әзілмен жеткізу тәсілін меңгерген айтыскер ақындар сатирадағы сарказм мен иронияны «қара юморды» шебер пайдаланып сынға алып отырған объектілерін (нысан) өмір құбылыстарын шынайы да терең, жіті ашуға тырысатындықтары байқалды.

Мақала барысында зерттеу нысанына алынған айтыс ақындары қоғамдық реалилер шеңберінде әлеуметтік өзектілігі бар мәселелерді юмор мен сатираны, ирония мен сарказмды ұтымды пайдалану арқылы жеткізе білді. Бұл өз алдына ұлттық сөз өнеріміздің образдық және көркемдік бейнелі болмысын таныта түсуге негіз болады.

Мақала 2023–2025 жылдарға арналған АР19574645 «Қазіргі айтыстың типологиясы мен поэтикасы» атты ҚРҒЖБМ гранттық қаржыландыруымен жүзеге асырып жатқан жоба аясында жазылған.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Kenzheahmetuly S. Aitys. Traditional music of Kazakhs // Life and culture of Kazakh people. – Алматы: «Guide to Kazakhstan» Baur Publishing House, 2022. – P. 142–149.
2. Мұхамеджан Тазабеков пен Айтмұхамбет Исақовтың айтысы. [Электронды ресурс]. URL: <https://www.youtube.com/@-aitysamanat> (қаралған күні 27.06.2020)
3. Қалыбекова Ә. Сахарада тұрдым. Сені іздедім. – Шымкент: «Кітап» ЖШС, 2015. – 560 б.
4. Кәкішев Т. Абайдың сатирасы. Кіт.: Абай тағылымы: Әдеби-сын мақалалар мен зерттеулер / Құраст. Н. Ғабдуллин. – Алматы: Жазушы, 1986. – 89 б.
5. Корабай С.С. Казахская сатира начала XX века: монография. – Алматы: Жібек жолы, 2012. – 132 с.
6. Ысқақұлы Д. Әдеби сын тарихы. – Алматы: Таңбалы, 2012. – 578 б.
7. Mursalimova N. et all. Kazak halkinin aytis sanati // Motif Akademi Halkbilimi Dergisi. – 2022. – Cilt: 15, Sayı: 38. – P. 469–480. <https://dergipark.org.tr/en/download/article-file/2349022>

8. Әлбеков Т. Жетісу ақындары. Зерттеулер. – Алматы: Әдебиет және өнер институты, 2012. – 220 б.
9. Мурсалимова Н.М., Сманова Е.А. Жетісу ақындар айтысының жиналу тарихы (қолжазбалар негізінде) // Керуен. – 2022. – №2, 75-том. – Б. 193–201.
10. Seppo Knuuttila. How humour makes a difference // Folklore Electronic Journal of Folklore. – 2010. – №46. – P. 42–48. doi:10.7592/FEJF2010.46.knuuttila
11. Samson A.C., Zysset S., Huber O. Cognitive humor processing: Different logical mechanisms in non-verbal cartoons: An fMRI study // Social Neuroscience. – 2008. – №3,2. – P. 125–140.
12. Attfield Robin. Environmental Ethics: A Very Short Introduction. Illustrated edition. – Oxford, United Kingdom; New York: Oxford University Press, 2019. – 160 p.
13. Sadimi H.A. Review of the Satire and Remonstrant Satire-Processing in the Poems by Sayed Hasan Hosseini with an Emphasis on the Collections “Safar Nameh Gerdbad, Boradeha and Noushdaruy-e-Tarhe-Generic” // Propósitos y representaciones. – 2021. – T. 9. – №1. – e874. <http://dx.doi.org/10.20511/pyr2021.v9nSPE1.874>
14. Қазыналы Оңтүстік: Т. 141. Айтыс: Ақындар айтысы. 2-кітап. – Алматы: Нұрлы әлем, 2014. – 328 б.
15. Қазіргі айтыс. 1-кітап / Құраст. И. Нұрахметұлы, С. Дүйсенғазин. – Астана: Күлтегін, 2004. – 312 б.

REFERENCES

1. Kenzheahmetuly S. Aitys. Traditional music of Kazakhs // Life and culture of Kazakh people. – Алматы: «Guide to Kazakhstan» Baur Publishing House, 2022. – P. 142–149.
2. Muhamedjan Tazabekov pen Aitmuhambet Isaqovtyn aitysy. [Electronic resource]. URL: <https://www.youtube.com/@-aitysamanat> (date of access 27.06.2020)
3. Qalybekova A. Saharada turdym. Seni izdedim [I lived in the Sahara. Looking for you]. – Shymkent: «Kitap» JShS, 2015. – 560 b. [in Kazakh]
4. Kakishev T. Abaidyn satirasy. Kit.: Abai tagylymy: Adebі-syn maqalalar men zertteuler [Abai's satire. In book: Abay's lessons: literary and critical articles and research] / Qurast. N. Gabdullin. – Алматы: Jazushy, 1986. – 89 b. [in Kazakh]
5. Korabai S.S. Kazahskaia satira nachala XX veka [Kazakh satire of the early twentieth century]: monografia. – Алматы: Jibek joly, 2012. – 132 s. [in Russian]
6. Ysqaquly D. Adebі syn tarihy [History of literary criticism]. – Алматы: Tanbaly, 2012. – 578 b. [in Kazakh]
7. Mursalimova N. et all. Kazak halkinin aytis sanati [Aytis art of the Kazakh people] // Motif Akademi Halkbilimi Dergisi. – 2022. – Cilt: 15, Sayı: 38. – P. 469–480. <https://dergipark.org.tr/en/download/article-file/2349022> [in Turkish]
8. Albekov T. Jetisu aqyndary. Zertteuler [Zhetysu poets. Research]. – Алматы: Adebiet jane oner instituty, 2012. – 220 b. [in Kazakh]
9. Mursalimova N.M., Smanova E.A. Jetisu aqyndar aitysynyn jinalu tarihy (qoljazbalar negizinde) [History of the collection of Zhetysu Akyn aitysy (based on manuscripts)] // Keruen. – 2022. – №2, 75-том. – Б. 193–201. [in Kazakh]
10. Seppo Knuuttila. How humour makes a difference // Folklore Electronic Journal of Folklore. – 2010. – №46. – P. 42–48. doi:10.7592/FEJF2010.46.knuuttila
11. Samson A.C., Zysset S., Huber O. Cognitive humor processing: Different logical mechanisms in non-verbal cartoons: An fMRI study // Social Neuroscience. – 2008. – №3,2. – P. 125–140.
12. Attfield Robin. Environmental Ethics: A Very Short Introduction. Illustrated edition. – Oxford, United Kingdom; New York: Oxford University Press, 2019. – 160 p.
13. Sadimi H.A. Review of the Satire and Remonstrant Satire-Processing in the Poems by Sayed Hasan Hosseini with an Emphasis on the Collections “Safar Nameh Gerdbad, Boradeha and Noushdaruy-e-Tarhe-Generic” // Propósitos y representaciones. – 2021. – T. 9. – №1. – e874. <http://dx.doi.org/10.20511/pyr2021.v9nSPE1.874>
14. Qazynaly Ontustik: T. 141. Aitysy: Aqyndar aitysy. [Treasure South: vol. 141. Aitysy: aitysy of poets]. 2-kitap. – Алматы: Nurlı alem, 2014. – 328 b. [in Kazakh]
15. Qazirgi aitysy.[Modern aitysy]. 1-kitap / Qurast. I. Nurahmetuly, S. Duisengazin. – Astana: Kultegin, 2004. – 312 b. [in Kazakh]